



ҚҰҚЫҚТЫҚ ІСТЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОМИССИЯСЫ

СЕГІЗІНШІ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ ЕЛДЕР АРАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ: COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

ЕСЕП

КІРІСПЕ

Әзербайжанның Баку қаласында өткен Хатшылықтың 9-шы жалпы отырысында қабылданған 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында туризмді дамыту» тақырыбын Құқықтық істер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның сегізінші отырысының күн тәртібі ретінде қабылдау туралы шешім қабылданды.

Дүниежүзілік Туризм Ұйымы (ДСҰ) туризм ұғымын адамдардың «ойын-сауық және басқа мақсаттар үшін бір жылдан артық емес және 24 сағаттан кем емес әдеттегі ортадан тыс жерлерге бару және сонда қалу» ретінде анықтайды. Туризм ішкі (саяхатшының өз елінде) немесе халықаралық болуы мүмкін. Халықаралық туризм елдің төлем балансының кірісі және шығысына әсерін тигізеді.

Жаһандық дәуірдегі туризм әртүрлі айнымалылар мен параметрлерге әсерін тигізеді. Әсіресе сыртқы саясаттың бағыты, дипломатия құралдарын қолдану және елдердің әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің әртүрлілігі туризм туралы шешімдер мен тәжірибелермен байланысты болуы мүмкін. Кез-келген елдің алдында туристік әлеуетті жандандыру және туристер санын көбейту мақсатында жеке тұлғалық, ұйымдық және ұлттық деңгейде өз саясаттары мен мотивациялық факторларын бағыттау қажеттілігі туындайды.

Байланыс және көлік саласындағы қарқынды өзгеріс жылдамдықты, жайлылықты және көлік құралдарының сыйымдылығын арттырды, сондықтан халықаралық туризмге де осы жағдай оңынан әсер етті. Халықаралық туризм қарапайым және қол жетімді халге жетті, шетелдік инвестиция көлемі ұлғайды, туризмге салынған инвестициялар туризм туралы хабардарлықты арттырды және аталған өзгерістердің барлығы халықаралық туризмнің дамуына серпін берді.

Дүниежүзілік Туризм Ұйымының (ДТҰ) мәліметі бойынша 1990 жылы әлемдегі туризм қызметін 435 миллион турист қолданса, бұл көрсеткіш 1995 жылы 528 миллионға, 2000 жылы 675 миллионға, 2005 жылы 798 миллионға, 2008 жылы 917 миллионға және 2010 жылы 940 миллионға жетті. ДТҰ 2020 жылы 1,6 миллиард турист халықаралық туризм іс-шараларына қатысатынын болжамдаған. Алайда COVID-19 пандемиясы туризм индустриясына үлкен соққы берді.

COVID-19 індетінен бұрын саяхат және туризм саласы әлемдік экономиканың маңызды салаларының біріне айналған еді. Әлемдік ЖІӨ-дегі оның үлесі 10 пайызға жетіп, бүкіл әлем бойынша 320 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етті. Туризм саласының көрсеткіштері 2008 жылдың екінші жартысы мен 2009 жылдың аяғы арасындағы алпауыт экономикалық кризис нәтижесінде және 2009 жылы H1N1 тұмау вирусының өршуіне байланысты төмендеді, алайда COVID-19 пандемиясына дейін баяу қалпына келді. Дегенмен бүкіләлемдік індет бұл дамудың күрт аяқталуына себеп болды.

ДТҰ 2020 жылға қарай жаһандық халықаралық туристтер саны 58%-дан 78%-ға дейін төмендеуі мүмкін екендігін және соның салдарынан халықаралық туристік табыстың 0,9-1,2 трлн долларға азаюына әкеліп соғатынын болжаған. Бүкіл әлем бойынша туризм саласының табысы 2019 жылдық деңгейге 2023 жылға дейін келмейтіні күтілуде. 2020 жылдың бірінші жартысында әлемдегі туристтердің саны 65 пайыздан астамға азайды, сәуірде болса толығымен тоқтап қалды десе де болады.

Есепте түркітілдес мемлекеттердің туристік әлеуеті жанжақты айқындалып, туризмнің ұлттық экономикаларға әсері талданады. Сондай-ақ, COVID-19 індеті кезіндегі мүше елдердегі туризм саласындағы мәселелерге көңіл бөлінеді.

МҮШЕ ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ

ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында туризмнің барлық салаларында, соның ішінде эко және табиғи туризмде, қысқы туризм және медициналық туризмде зор әлеует бар. ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында туристік ағынның деңгейі жоғары болғанымен, оны әлеуетке сай деп айту қиын. Түркітілдес мемлекеттер арасында туризмді жақсарту мақсатында екіжақты және көпжақты деңгейде сан алуан күш-жігер жұмсалуда.

2015 жылғы 5 маусымда Бодрумда өткен IV саммит барысында қабылданған Түркі кеңесі мемлекет басшыларының шешіміне сәйкес «Заманауи Жібек жолы бірлескен тур пакетін» әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылып, Қазақстан үйлестіруші ретінде белгіленді.

Бірлескен туризм пакеті жобасы мүше мемлекеттердің туризмге жауапты мемлекеттік органдарының жеке секторы мен ведомстволық бағынысты ұйымдары өкілдерінің қолдауымен әзірленді. Туризм пакеті туристердің көрікті жерлерді аралауымен қатар, Ұлы Жібек жолы бойындағы мүше мемлекеттердің қалаларында Түркі әлемінің бай тарихи және мәдени мұрасымен танысуын көздейді.

2016 жылғы 23 наурызда Шымкент қаласында (Қазақстан) Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің туризм бойынша жұмыс тобының 7-ші отырысы кезінде мүше елдердің туроператорлары «Заманауи Жібек жолы бірлескен тур пакетін» іске асыру туралы консорциумның Хаттамасына қол қойды. Осыған сәйкес, туроператорлар осы туристік пакетті өз елдерінің туристік агенттіктерінде енгізуі керек. 2018 жылғы 8 тамызда Астанада өткен Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің туризм министрлерінің төртінші кездесуінде тараптар «Заманауи Жібек Жолының бірлескен тур пакетін» бастатуға және коммерциялық іске асыруға дайындықтың негізгі мәселелерін талқылады, соның ішінде туристік пакеттің веб-сайтын, баға саясатын, туроператорлардың маркетингтік және коммуникациялық стратегиясын, әлемдік нарықта насихаттау және жарнамалық бейнероликтерді мүше елдер телеарналары арқылы тарату, Дүниежүзілік Туризм Ұйымымен өзара әрекеттесу қарастырылды.

«Заманауи Жібек Жолы бірлескен тур пакеті» туристерді дәстүрлі Жібек жолы мүше елдердің әйгілі туристік орындарынан тұратын мәдени, рухани, тарихи және гастрономиялық өмірімен таныстыруға бағытталған. Бұл бірлескен пакет

Түркітілдес мемлекеттер арасындағы туристер ағынын көбейтуге және үшінші елдерден келетін туристтер санын арттыруға тың серпін беруге бағытталған.

Әзербайжан

Әзербайжанда көптеген материалдық емес мұралар, тарихи ескерткіштер мен ғимараттар, сондай-ақ таңғажайып табиғи ландшафтар бар. Бұл ел керемет қонақжайлылығымен де танымал. Бұл жайттар ішкі және шетелдік қонақтарды қызықтырады. Әзербайжанның туристік стратегиясы ұзақ мерзімді перспективада тұрақты іс-әрекеттер мен қол жеткізілетін мақсаттар арқылы елдің туристік әлеуетін ашуға бағытталған.

Аймақтық туризмді дамыту осы стратегияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жергілікті халықты туристік және мұралық құндылықтар тізбегіне қосу арқылы экономиканы жандандыруды қамтиды. Белгіленген жерді басқаруды ұйымдастыру ұйымы (Destination Management Organization - DMO) бүкіл ел бойынша жұмыс істейді және қазіргі уақытта 7 мұралық қорықты басқарып отырған Резервті басқару орталығымен (Reserve Management Centre - RMC) туризмді дамыту орталықтандырылмаған қуатты аймақтық желі құрылды.

Бұған қоса, жеке сектор бизнесіне арналған оқыту және әлеуетті арттыру бағдарламалары бүкіл аймақта желілері бар институттар және 3 туризм индустриясы қауымдастығы арқылы жүзеге асырылады. Әзербайжан мемлекеттік туризм агенттігі (State Tourism Agency - STA) 2018 жылдың 20 сәуірінде туризм саласындағы мемлекеттік саясат пен ережелерді іске асыратын орталық атқарушы орган ретінде құрылды. Әзербайжан туристік кеңесі (Azerbaijan Tourism Board - ATB) STA жанындағы мемлекеттік заңды тұлға болып табылады және туристік маркетинг жұмыстарына жауапты.

Әзербайжанды әлемдік деңгейде тартымды және табысты туристік бағыт ретінде таныту мақсатында төрт қағида маңызды. Бұлар ‘тұрақтылық’, ‘бәсекеге қабілеттілік’, ‘қызмет көрсету сапасы мен құндылық бағдары’ және ‘мемлекеттік-жекеменшік серіктестік’. Бұл 4 қағида саланың теңгерімді дамуына бағдар көрсету үшін белгіленіп, Әзербайжанда туризмді дамыту стратегиясының негізі болып саналады.

Екінші Отансүйер соғыстағы тарихи жеңістен кейін Әзербайжан Республикасының аумақтық тұтастығын қалпына келтіру босатылған

аумақтарда туризм индустриясының дамуына жағдай жасады. Қарабақтың тиімді экономикалық-географиялық жағдайы, бай ресурстары, бірегей табиғи-климаттық ерекшеліктері, құнарлы топырағы, бай флорасы мен фаунасы елдің туристік индустриясын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер жасады. Армян вандалдары қиратқан мұражайлар мен мәдени-тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру және реконструкциялау, қонақ үй кешендерінің құрылысы жүргізілуде.

Сонымен қатар, босатылған аумақтарда ірі инфрақұрылымдық және көліктік жобалар іске асырылуда. 8 айда салынып, 2021 жылдың 5 қыркүйегінде пайдалануға берілген Физули халықаралық әуежайы, сонымен қатар Зангилян және Лачин аудандарында халықаралық әуежайлар салынуда. Қарабақта жүзеге асырылып жатқан көліктік және инфрақұрылымдық жобалар болашақта ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында туризмді дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Тұрақтылық қағидаты туристік саланың ұлттық табысқа және жұмыспен қамтудың өсуіне қосатын үлесін оңтайландыруға арналған. Бәсекеге қабілеттілік ШОБ үшін туризмді қолдау құрылымын бастауды, аймақтық дамуды және бәсекеге қабілеттілікті арттыруды көздейді; әр түрлі қызмет көрсетушілерге және халықаралық бәсекеге қабілеттілікке арналған жеке сектордағы туристік индустрия қауымдастығын құруға ықпал етеді. Қызмет сапасы мен құндылық бағдары сапаны қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық базаны қамтамасыз етуді білдіреді; яғни туризмге қатысты барлық бизнес пен қызмет түрлеріне лицензия беру рәсімдерін жетілдіру және стандарттау. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік саланы және онымен байланысты ШОБ-ты қаржыландырумен, гранттармен, тренингтермен және консультациялармен қолдауды және мемлекеттік серіктестермен бірге туризммен байланысты бизнеске шетелдік тікелей инвестицияларды тартуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан

Туризм – Қазақстан үшін 2017 жылы ұлттық экономикасының 1,4% үлесін құраған маңызды сала. Туризм саласы бойынша Қазақстанда 118800 компания тіркелген, 463700 кісі жұмыспен қамтамасыз етілген. 2018 жылғы деректерге сәйкес жалпы жұмыспен қамтылғандардың 5,3%-ы туризм саласында жұмыс істейді. Туризм саласынан түскен табыс, жалпы экспорттық кірістің 4,4% -ын,

ал жалпы сервистік экспорттық кірістің 36%-ын құрады. 2018 жылы туристтердің саны 8,8 миллионға жетті. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 14,1%-ға өсім көрсетіп, ал бес жыл ішінде 28,5%-дық оң динамика көрсетті. Шетелдік туристтердің басым көпшілігі дәстүрлі түрде бұрынғы кеңестік елдерден келеді, яғни жалпы алғанда турист санының 91,7%, ал кіріс тұрғысынан 70,6% құрайды. Басқа елдерден келген туристтер келушілердің жалпы санының 8,3% құрайды, дегенмен олар туристтік кірістердің 29,4% құрайды.

Қазақстан 2019 жылғы мамырда «2019-2025 жылдарға арналған туризм индустриясын дамыту бағдарламасын» бекітті. Бағдарлама Қазақстанды 2025 жылға дейін әлемдегі саяхат үшін ең тартымды 50 елдің қатарына қосуға бағытталған. Бағдарлама туристік қызметтер мен өнімдердің қол жетімділігі мен сапасын, сондай-ақ туристік қызығушылық тудыратын орындарды дамыту арқылы ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға арналған. Бағдарлама сондай-ақ, сыртқы және ішкі турист санының өсуіне, қолайлы туристік климат құру және туристік әлеуетті ішкі және халықаралық нарықтарда насихаттау мен таныту арқылы туристік индустрияға инвестицияларды көбейтуге бағытталған. Қазақстанның «Kazakh Tourism», ұлттық туристік компаниясы осы бағдарламаны өзінің маркетингтік және насихат қызметіне бағдар біліп, туризмге инвестиция тарту үшін пайдаланады.

2019-2025 жылдарға арналған бағдарламада көрсетілген мақсаттарға жету үшін институционалдық база нығайтылды, «Kazakh Tourism» АҚ-мен қатар жұмыс істейтін ұлттық және жергілікті атқарушы органдар құрылды және туризмнің кескін сипатына қатысты қосымша үйлестіру шаралары әзірленді. Аталған үйлестіру шаралары Қазақстандағы 30 түрлі секторды байланыстырады деп болжануда. Туризм индустриясына инвесторларды тарту мақсатында субсидиялар мен корпоративті табыс салығын, жер және мүлік салығын төлеуден босатуды қоса алғанда, инвесторлар үшін бірқатар жеңілдіктер жасалуда.

2019 жылғы 27-28 тамызда Ақтау қаласында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі және Маңғыстау облысының әкімдігінің бірлесуімен Халықаралық туризм форумы және «Каспий теңізіндегі туризм» тақырыбында туризм саласындағы Каспий маңы мемлекеттерінің (Қазақстан, Әзірбайжан, Түрікменстан, Ресей, Иран) алғашқы бесжақты консультациясы өтті. Консультациялардың қорытындысы бойынша тараптар Каспийдегі

туризмді одан әрі дамыту, жаңа бірлескен туристік турларды құру, круиздік туризмді дамыту, өзара сапарларды жеңілдету үшін визалық және көші-қон режимдерін ырықтандыру, Каспий аймағында туризмді бірлесе дамытудың ортақ тұжырымдамасын әзірлеу, Каспий теңізі аясында бірыңғай туристік бренд құру, сондай-ақ, туристік нысандар мен қызметтерді сертификаттаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеу және т.б. бірқатар бірлескен шешімдер қабылдады.

Алматыда 2019 жылдың 17 сәуірінде 19-шы Халықаралық «Туризм және саяхат» көрмесі (KITF 2019) өтті. Оған Әзірбайжан мен Түркия өкілдері қатысты. 2019 жылдың 29-30 маусымында «Көшпенділер әлемі» халықаралық этникалық фестивалі және «Ұлы Дала Елі» көрмесі өтті. Оған Әзірбайжан өкілдері қатысты. 2019 жылдың 18-21 қыркүйек күндері аралығында Нұр-Сұлтанда «PATA Travel Mart 2019» халықаралық туристік көрмесі өтті. Сол шеңберде жастар симпозиумы, туризмдегі технологиялар мен маркетинг бойынша форумдар болды.

Қазақстан Республикасы туристік индустрияны дамыту мемлекеттік бағдарламасының негізгі бөлімдерінің бірі - әлемдегі саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын визалық және көші-қон режимдерін ырықтандыру болып табылады. Қазақстанға визасыз кіруге құқығы бар мемлекеттер (73 ел) тізімі кеңейтілді. Қазіргі таңда Қазақстан 20 елмен ұлттық төлқұжат иелерін визадан босату туралы келісімге қол қойды.

Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі халықаралық туристерді тарту үшін бұрын-соңды болмаған қадамдар жасауда. Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Түркия, Әзірбайжан, Иранның танымал ақпараттық сайттарында мақалалар жариялау арқылы Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін ілгерілетуге ерекше көңіл бөлінуде.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, «Kazakh Tourism» АҚ және Түркі кеңесінің хатшылығы өкілдерінің 2020 жылғы 3 наурыздағы кездесуі барысында ең үздік 10 инвестициялық жоба және қазақстандық тараптың бастамалары таныстырылды. «SILK ROAD VISA» бірыңғай виза жүйесі жарияланды. Сондай-ақ, тараптар туризм саласын зерттейтін университеттер арасында ынтымақтастық орнату, қатысушы елдердің университеттерінде «Туризм құзыреттілік орталығын» құру және «Туризм астаналары бастамасы» жобасын іске асыру, Шымкент, Алматы, Ақтау және

Түркістанның туристік әлеуеті туралы жарнамалық бейнеролик түсіру уағдаластықтары секілді мәселелерді қамтитын Хаттама қабылданды.

Қырғызстан

Қырғыз Республикасы туризм индустриясын елдің экономикалық дамуын өрге сүйрейтін басым сектор ретінде қарастырады. 1995 жылдан бастап, Қырғыз Республикасында әр түрлі деңгейде сәттілікпен жүзеге асырылып келе жатқан туризм саласына қатысты көптеген нормативтік-құқықтық актілер, реттеуші саясат, бағдарламалар мен іс-шаралар жоспары қабылданды.

Қырғызстанда туристік компаниялар тарапынан ұсынылатын түрлі туристік қызметтер мен бағыттар бар. Қолданыстағы туристік мұралар тізбегі негізгі туристік өнімнің түріне қарай үш кең санатқа топтастырылған. Бұлар: 1) Ыстықкөлдегі жағажай туризмі; 2) мәдени және жұмсақ шытырман оқиғалы туризм, оның ішінде эко-туризм; және 3) экстремалды спорт және қиын шытырман оқиғалы туризм. Бұл санаттар туризм секторы кірісінің негізгі бөлігін құрайды және Қырғызстандағы туристік қызметтің кең спектрін көрсетеді.

Қырғыз Республикасындағы туристік индустрия ЖІӨ-ге шамамен 5,2% үлес қосады және жұмыс орындары мен экономикалық дамудың маңызды құрамы болып табылады. Қырғыз республикасы – көптеген бірегей табиғи және мәдени көрікті жерлерге бай өлке. Атап айтқанда, әлемдегі екінші үлкен таулы көл - Ыстықкөл, көрнекті Тянь-Шань тау тізбегі және тарихи «Жібек жолының» құрамдас бөлігі болуына байланысты елдің шетелдік туристтерді тартуға әлеуеті зор.

2018 жылдың қыркүйегінде Қырғыз Республикасы үшінші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ойдағыдай өткізді және жүйелі насихат жұмыстары ойындарға әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударды. Бұл жайт Қырғыз Республикасының бірегей брендін халықаралық сахнада тиімді түрде жарнамалады.

Қырғыз еліне келген туристер саны 2019 жылы 1,8 миллионға дейін жандана түсті. Осы шетелдік туристтердің басым көпшілігін бұрынғы Кеңес Одағынан келген қонақтар құрайды. Мамандардың бағалауы бойынша туристердің шамамен 70%-ы Қазақстаннан, 13%-ы Ресейден, шамамен 2%-ы Еуропа елдерінен келеді. Туризм саласында шамамен 40,000 адам жұмыс істейді, яғни

бұл Қырғыз Республикасының жалпы жұмыспен қамтылғандарының шамамен 2% құрайды.

Түркия

Түркияда альтернативті туризм санатына енетін туризмнің әр түрлі түрлеріне арналған бірнеше ерекше мүмкіндіктер бар. Оған жағалаудағы туризмнен басқа, сауықтыру және термальды туризм, қысқы спорт түрлері, тауға шығу туризмі, шытырман оқиғалар, плато туризмі, экотуризм, конференция және экспо туризмі, круиздік және яхталық туризм, гольф туризмі және т.б. кіреді. Алайда, бұл әлеует ұтымды пайдаланылуда деп айту қиын. Сондықтан Түркияның 2023 Туризм Стратегиясы және 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары табиғи, мәдени, тарихи және географиялық құндылықтарды ұтымды пайдалануды және туристік бизнесте Түркияның үлесін ұлғайтуды мақсат етеді.

Түркия 2023 Туристік Стратегиясы жоспарлау, инвестициялау, ұйымдастыру, ішкі туризм, ғылыми зерттеулер, қызметтер, көлік пен инфрақұрылымды нығайту, насихаттау және маркетинг, білім беру, қала деңгейінде брендинг, туризм өнімдерін әртараптандыру, қолданыстағы туризм аймақтарын қалпына келтіру және бағыттарды жақсарту салаларында әр түрлі ұзақ мерзімді стратегияларды ұсынады. Стратегия экономикалық өсуді қолдайтын, физикалық тұрғыдан қолданылатын және әлеуметтік бағытталған және тұрақты туризм қағидатын әділ бейнелейтін жоспарлау тәсілін қолданады.

Туристік қызметтің ұлттық және аймақтық деңгейлерде дамуын қамтамасыз ету – тек бірінші кезектегі аймақтар мен алаңдар анықтаумен және осы салаларға қатысты инфрақұрылымдық жобалардың қажетті жиынтығы тиісті субъектілер мен ұйымдардың инвестициялар кестесіне енгізумен ғана қол жеткізілетін мақсат.

ТҮРКПА-ға мүше елдер Түркия үшін белгіленген өзгерістерді жүзеге асыру үшін туризм саласындағы маңызды мақсатты аудиторияны құрайды. Түбі бір Түркия мен басқа да түркітілдес мемлекеттер тарих қойнауынан мызғымас байланыстарға негізделген ортақ мәдениетке және ұқсас тұтынушылық әдеттерге ие. ТҮРКПА-ға мүше елдерден Түркияға келетін туристер саны көбейсе де, қажетті деңгейде деп айту қиын. Әрине, Түркияның табиғи көріктілігі, туризм мен қызмет көрсету салаларының жоғары деңгейі және

институционалдау барысында жинақталған мол тәжірибесі турист санының өсуіне үлкен үлес қосты.

Түркияның Статистикалық институты тарапынан берілген статистикалық мәліметтерге сәйкес, түркітілдес елдерден Түркияға келген туристердің саны жалпы турист санының 2,9% құрайды. Ал бауырлас елдерді бөлек қараған кезде, Қазақстаннан (402 384 турист) келетін туристер санының басқа үш түркітілдес елдерге қарағанда көп екендігі де мәлім. Қырғызстаннан Түркияға сапар шеккен қырғыз азаматтарының саны 2017 жылы алғаш рет 100 мыңнан асты. Аталған динамикада Қырғызстаннан теңіз жағалауындағы қонақ үйлерге жұмыс істеуге келген жұмысшылардың рөлі зор. 2018 жылы бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 9,55% өсіммен 114 926 адамға жетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихи және мәдени тамырлары бір ТҮРКПА-ға мүше елдер туризм тұрғысынан зор әлеуетке ие. Алайда, мүше елдер арасындағы өзара туристік алыс-беріс қалаған деңгейде емес. Бұған қоса, COVID-19 індеті жалпы туризмге үлкен соққы берді.

COVID-19 пандемиясы кезеңінде түркітілдес елдер арасындағы туризмді дамыту мақсатында қолда бар мүмкіншіліктерді екі жақты және көп жақты деңгейде күшейту керек.

Мүше мемлекеттер түркітілдес мемлекеттерде туризмді дамытудың бірыңғай стратегиясы мен іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру арқылы туризмнен алуға болатын пайданы арттыра алады.